

**«6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тойбекова Бағдат
Абдуллаевнаның «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың
полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселесінің көрсетілуі, Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-тарау, 1-бабында: «Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады» деп көрсетіледі. Құжатта көрсетілгендей, орта мектеп оқушы тұлғасына қойылатын талаптар тұлғааралық жоғарғы мәдениетті қалыптастыруда өзін-өзі дамытуы, білімдендіруі болашақтағы бағдарын анықтауға міндеттейді. Осы ретте жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың тұлғасын жан-жақты қалыптастырудағы идеяларымызды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Б.А.Тойбекованың диссертация тақырыбының мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келетінін дәлелдейді. Қазіргі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға арналған Жолдауларында білім саласына қатысты мәселелерге ерекше

		тоқталады: оның ішінде білім беру сапасын жақсарту, білім берудің барлық сатыларына дербес қаржыландыру тәртібін енгізу, аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау мақсатында дарынды балалардың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеу, сондай-ақ елімізде үш тілді білім беру идеясын жүзеге асыру туралы және т.б. өзекті сұрақтарды қарастырады. Қасым-Жомарт Тоқаев білім берудегі үштілділік бағдарламасын жүзеге асыру мәселесіне назар аударды, оның пікірінше, бұл өте күрделі және маңызды мәселе. Ол балалар үшін қазақ және орыс тілдері өте маңызды деп санайды. «Содан кейін ғана ағылшын тілін үйрету керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесінің мақсаты, мазмұны мен технологияларының нәтижесіне қарап бағалайды. Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаты тек қарапайым білім, білік пен дағды - машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өздігінен табу, талдау мен ұтымды пайдалану, жылдам өзгермелі әлемде лайықты өмір сүру үшін жастарды қаруландыратын түйіндік құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Заман талабына сәйкес бүгінгі таңда әр адамға қажетті бес базалық құзыреттердің қатарында бірнеше тілді меңгеруді талап ететін ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу қабілетін қамту қарастырылған. Бұл дегеніміз полилингвалды тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен	Докторанттың диссертация тақырыбы: - Білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер сияқты Қазақстан Республикасының Үкіметі

		нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	Б.А.Тойбекованың диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы - зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді: - жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды; - оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды; - жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді диссертацияның маңыздылығын ашады. Зерттеу мәселесіне сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы мен оны жүзеге асыру шарттарының айқындалуы, оны тәжірибеге енгізу мақсатында жасалған әдістемесі педагогика ғылымына елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен;	Б.А.Тойбекованың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Докторант ғылыми мәліметтерді жүйелілік, бірізділік, ғылымилық

		4) өзі жазбаған	принциптерін сақтай отырып диссертация мазмұнын түсінікті тілде баяндаған, құрылымдық тұрғыдан талаптарға сәйкес және ішкі бірлікті үйлестіре отырып жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Б.А.Тойбекованың зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесінің мақсаты, мазмұны мен технологияларының нәтижесіне қарап бағалайды. Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаты тек қарапайым білім, білік пен дағды - машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өздігінен табу, талдау мен ұтымды пайдалану, жылдам өзгермелі әлемде лайықты өмір сүру үшін жастарды қаруландыратын түйіндік құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Заман талабына сәйкес бүгінгі таңда әр адамға қажетті бес базалық құзыреттердің қатарында бірнеше тілді меңгеруді талап ететін ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу қабілетін қамту қарастырылған. Бұл 6 дегеніміз полилингвалды тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады. Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға деген қажеттілік Қазақстан Республикалық Үкімет деңгейінде қабылданған нормативтік құжаттарында айқын белгіленген Сондай-ақ, «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасында, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсетілген. Ал, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясында үштілділікті дамыту Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты екендігі жайлы айтылған. Аталмыш мәселенің оңтайлы шешімін табу - мектеп оқушыларының мемлекеттік,

		ана тілі және шет тілдерінде қарым-қатынас жасай алатын, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті полилингвалды тұлға қалыптастыру тиімді шарттарын анықтауды қажет етеді. Десекте, полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға деген қоғамның сұранысы мен бұл мәселенің қазіргі мектеп тәжірибесіндегі нақты жағдайы аталмыш мәселені теориялық және әдістемелік тұрғыда жетілдіру керектігін нақтылай түсті. Бүгінгі күнге дейін жинақталған полилингвалды білім беру теориясы мен тәжірибесі жалпы білім беретін орта мектептегі сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру негізінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесі арнайы қарастырылмаған, жалпы білім беретін орта мектеп тәжірибесінде ескерілмеуі; бұл мәселені мектептегі сабақтан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асыру қажеттілігі мен арнайы теориялық және әдістемелік зерттеулердің жеткіліксіздігінен қарама-қайшылықтардың бар екені анықталды.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Б.А.Тойбекованың диссертациясы мазмұны «жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» атты диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды және диссертация мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының 1-тарауында жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыру мәселесінің зерделену жайы. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесін зерттеудің

		әдіснамалық тұлғалары. Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалса, 2-тарауда жалпы білім беретін орта мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері. Полилингвалды тұғыр орта мектеп оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың негізгі тұжырымдамалық бағыты. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Орта мектеп оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып ұсынылады. 3-тарауда жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және оны жүзеге асыруы. Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру. Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері мен қорытындылары мазмұндалған. Диссертация 3 тараудан тұрады және оның 9 бөлімшесі зерттеу жұмысын толық айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру мен дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру. Зерттеу жұмысының 1-тарауында

			жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері, жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың зерттелу жағдайын талдау диссертацияның 1-міндетіне сәйкес екені байқалады. Ал, зерттеудің 2-міндетінің - жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау. Зерттеудің 3-міндеті жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасау. Зерттеу жұмысының 3-тарауындағы жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және оны жүзеге асыруы 4-міндетке толық сәйкес келеді. Осы айтылғандар Б.А.Тойбекованың диссертациясының мақсаты мен міндеттері, диссертация тақырыбына сәйкестігін дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың үш бөлімі мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Автормен анықталып, 3 бөлімде ұсынылған материалдың бірізділікпен баяндалуы диссертацияның ішкі тұтастығын көрсетеді.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, зерттеудің моделін дайындауда, қалыптастырудың педагогикалық шарттарын нақтылауда, ұсынылған әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген. Автор сыни талдауды және зерттелетін мәселені түсінудің негізінде дәлелді түрде өз шешімін ұсынады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Бірінші жаңалығы толығымен жаңа, полилингвалды тұлға ұғымына, бірнеше тілді меңгерген, қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттері ендірілді. Осыған байланысты «оқушылар полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен құрылымы; қалыптасуының анықталған деңгейлері. Екінші жаңалығы толығымен жаңа, жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделін негізін құрайтын мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік компоненттері және оларды жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен формалары. Үшінші жаңалығы толығымен жаңа, жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: оқушылардың

		полилингвалды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу; пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану; сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау; оқушылардың субъективтік белсенділігінің дамытылуы. Төртінші жаңалығы толығымен жаңа, жалпы білім беретін орта мектептің сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Докторант жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мақсатында отандық, шетелдік ғалымдардың сәйкес зерттеулерін және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу, талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуімен және қорытынды жасауымен сипатталады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Б.А.Тойбекованың зерттеу жұмысының ғылыми бағытын дәлелдеу үшін ұйымдастырылған жұмыстар нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді. 1. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделі мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік компоненттер тұрғысынан және оларды жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен формаларын анықтау арқылы құрылды. Нәтижесінде коммуникациялар қажеттілікке байланысты көптілді меңгерген тұлға, сөйлеу іс-әрекетінің, көптілділікке

			қызығушылығының коммуникациялық қажеттіліктің қалыптасуы арқылы көрініс тапты. 2. Оқушылардың полилингвалды тұлға - тек түрлі тілдік мүмкіндіктерге ие тұлға ғана емес, өз әлеуметтік ерекшелігі мен этникалық негізі бар, көптілдікті әлеуметтік мақсатқа сәйкес басқалармен өзара әрекетінде тілді, оның заңдылықтарын толық игерген, оны тілдесім әрекетінде коммуникативтік қажеттілік ретінде қолдана алатын қоғамдық өмірге икемді тұлға деп қарастырылды. 3. Оқушылардың тілді үйренудегі грамматикалық жұмыстар мен сөйлеуін дамыту арасындағы байланысты жүзеге асыратын тиімді құрал болып - сөйлеу тапсырмалары орын алды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының барлық қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу нәтижелері автордың 16 ғылыми жарияланымында көрініс тапқан. Оның ішінде 3 мақала Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда, 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдарында, 1 оқу

			кұралы) жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жок	Докторант Б.А.Тойбекованың диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қағида толығымен дәлелденген. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат мен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығын аңғартады. 1. Полилингвалды тұлға ұғымына, бірнеше тілді меңгерген, қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттері ендірілді. Осыған байланысты «оқушылар полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен құрылымы; қалыптасуының анықталған деңгейлері. 2. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделін негізін құрайтын мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік компоненттері және оларды жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен формалары. 3. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу; пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану; сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау; оқушылардың субъективтік белсенділігінің дамытылуы. 4. Жалпы білім беретін орта мектептің сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері.

			Қорғауға шығарылған негізгі кағидаттар бойынша: 7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі кағидаттар дәлелденген. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі кағидаттар тривиалды емес. 7.3. Қорғауға шығарылған негізгі кағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі кағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5. Зерттеу жұмысының негізгі кағидаттары ҚР ҒЖЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда жарияланған мақалалармен дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Докторант Б.А.Тойбекованың диссертациялық жұмысындағы материалдар дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеудің теориялық негізінде полисубъектілік, аксиологиялық, жүйелік, тұтас, тұлғалық-қайраткерлік, мәдениеттанымдық, антропологиялық, акмеологиялық, полилингвалды тұғырлар алынған. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, алынған. Зерттеу нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияның көмегімен диаграммалар құрылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграмма, тапсырмалар құрастырылған; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар математикалық-статистикалық әдістермен өңделген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 гимназияда, №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясында, Түркістан облысы, Мақтарал ауданы №42 С.Қожанов атындағы жалпы орта мектептерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысында дәлелденген және расталған. Жалпы білім беретін орта мектепке оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру негізінде «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы даярланды: - сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы жасалды; - 8-9 сынып оқушыларына арналған сөйлеу тапсырмалар жүйесі әзірленді;
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған /расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша алыс жақын шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 206.
9.	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Б.А.Тойбекованың диссертациялық жұмысының теориялық маңызы бар.

	принципі	1) ия; 2) жоқ	- зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді; - жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды; - оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді; - жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мақсатында 8-9 сынып оқушыларына арналған сөйлеу тапсырмалар жүйесі әзірленді; Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы жасалды; «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы даярланды; Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 гимназияда, №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясында, Түркістан облысы, Мақтарал ауданы №42 С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінде өткізілді. Экспериментке 8-9-ші сыныптардан 291 оқушы іс-тәжірибеде тексерілді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	<i>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және зерттеу жұмысының</i>

		1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау барысында, жалпы білім беретін мектептерде (гимназия, лицейлерде), колледждердің тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен коса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір сөйлемдерді стилистикалық жағынан жөндеу керек. Алайда аталған ұсыныс диссертацияның құндылығын төмендетпейді және ол кеңес ретінде ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Б.А.Тойбекованың диссертациясы аясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.
13.	Ресми		«Жалпы білім беретін орта

	рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Тойбекова Багдат Абдуллаевнаны 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология») мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.
--	---	--	---

Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның 6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Философия докторы (PhD)

Қазақ спорт және туризм академиясының

«Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері»
кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.



Т.М.Есимғалиева



Қолын Т.М. Есимғалиева
Растаймын қызметкерлерді басқару
және іс жүргізу бөлімінің бастығы
Подпись _____
Заверяю нач. ОУПД